


Топырактың морфологиялық белгілері



Топырақ түзілуі құбылыстарының әсерінен тау жынысынан пайда болған топырақта оған тән құрылыш, пішін, ерекше белгілер, қасиеттер мен жаңа қосылыстар пайда болады. Сөйтіп топырақ тау жынысынан өзінің құнарлылығымен ғана емес, құрылышымен және сыртқы морфологиялық белгілерімен ерекшеленеді. Осы морфологиялық белгілер арқылы топырақ түрлері бір-бірінен ажыратылады, топырақ түрлерге жіктеліп, оларға атау беріледі.

Басты морфологиялық белгілерге топырақтың құрылышы, топырақтың және оның қабаттарының қалындығы, түсі, түйіртпектілігі, жайласуы, гранулометриялық құрамы, жаңа жарандылар мен кірме заттар жатады.

Далалық жағдайда топырақтың морфологиялық белгілерін зерттегендеге тік қазылған шұңқырлар пайдаланылады (25-сурет). Бұл әдісті алғаш рет топырақтанудың ғылыми негізін салушы В.В. Докучаев қолданды. Осы әдіс іс жүзінде топырақты далалық



25-сурет. Топырақ кескінін сипаттау шұңқыры

Топырақтың кескінінің құрылышы – оның тік кескінінде кезектесіп орналасқан әр түрлі қабаттары. Бұл қабаттар бір-бірінен түсімен, түйіртпектілігімен, тығыздылығымен, химиялық құрамымен, кейде гранулометриялық құрамымен ерекшеленеді. Топырақтың кескіні құрылышы пайда болып, қабаттардың ерекшеленуі топырақ түзілу процесінің және топырақты өндірісте пайдаланудың ықпалынан болады. Әр топырақ типінің өзіне тән кескін құрылышы болады, яғни кескін құрылышына қарап топырақтардың типін, түрін анықтай аламыз. Топырақ түзілу үрдістері біртекті болған жағдайда топырақтың кескін құрылышы үксас болып түзіледі. Топырақ кескіні құрылышы ерекшелігіне байланысты бірнеше типтерге бөлінеді (26-сурет).

Әлсіз жіктелген кескін.

Тез бұзылатын минералдары аз топырактарда қалыптасады (кварцті құмдар, көне-ферралитті). Жалпы кескін қабаттарға нашар бөлінген.


Бұзылған кескін – жерді жыртқаннан, су немесе жел эрозиясына әр дәрежеде шалдыққан топырактар .

Калдықты кескін – күрделі, осы кескінде генезисы әр түрлі көмілген қабаттар (немесе кескін түгел) кездеседі.

Олар алдындағы топырак құралу үрдістерінде пайда болып, кейіннен көміліп үстіне жаңа топырак кескіні пайда болған.

Көп мүшелі кескін. Әртүрлі құрылышты топырак түзуші жыныстары көбіне 100 см терендікке дейін кездескенде қалыптасады.

Полициклді кескін. Топырак түзуші материалдарды кезеңді шөгілу жағдайында қалыптасатын топырактарға сай кескін. Мысалы, жайылма топырактар кескіні.



26 сурет. Топырақ кескіндерінің (құрылышының) типтері:

Мозайка тәрізді кескін. Кеңістіктері өр түрлі болып үйлескен қабаттардың қабысұынан пайда болған кескін.

Одан басқа, топырақ кескіндері заттарды тарату ерекшеліктеріне қарай жіктеледі. Заттарды топырақтың жоғарғы қабатынан бастап максималды жинайтын топырақтар аккумулятивті кескінге сай (қараширінді-аккумулятивті кескін), ал әлювиалды кескіндер - заттардың кескінінен шайылуымен сипатталады.

Топырақтың тік кескінінде бірнеше қабаттар кездеседі. Осы қабаттарға атау қойылып, әріппен (индекс) белгіленеді. Әдетте топырақтың келесідей генетикалық қабаттары ажыратылады:

A – қараширінді жиналған қабат;

B – иллювиальді немесе аралық қабат;

G - глей қабаты

C – аналық тау жынысы

D – төсеніш жыныс (төсенішті қабат)

A₁ (AE) – қараширінділі әлювиальды қабаты


A₂ (E) – әлювиальды қабат


A_o – орман төсеніші, A_ш - шымды қабат дала кигізі

T – шымтезек қабаты

A_o немесе A_ш органогенді қабат, орман ішінде түскен, қураған жапырақтардан, ал далалық аймақта шөптесін өсімдіктерінің қалдықтарынан құралған, тың жерде болатын топырақтың ең үстіңгі қабаты.

27 –сурет. С.А. Захаров бойынша топырақ түсінің үш бұрышы





I-тип: 1-тоң кесекті; 2-кесекті; 3-ұсақ кесекті; 4-шанды;
5- ірі жаңғақты; 6-жанғақты; 7-ұсақ жаңғақты; 8-ірі
дәнше; 9-дәнше; 10-ұнтақты;

II-тип: 11-бағаналы; 12-бағана тәрізді; 13-ірі
призмалы; 14- призмалы; 15-ұсақ призмалы; 16-
жіңішке призмалы;

III- тип: 17-тақтатас тәрізді; 18-тақталы; 19-
жапырақты; 20-ірі қабыршақты; 21-ұсақ қабыршақты.

28-сурет. С.А. Захаров бойынша топырақ
түйіртпектігінің негізгі түрлері:

Жаңа жарандылар және кірмезаттар.

Топырақ түзілу кезінде оның қабатында әр пішінді, химиялық құрамы әр түрлі заттар – жаңа жарандылар пайда болады.

Пайда болу тегіне байланысты олар химиялық және биологиялық болып бөлінеді.

Химиялық жаңа жарандылар қатарына суда ерігіш тұздар, гипс, кальций карбонаты, темір, алюминий, марганец тотықтары, қарашибінді қосылыстары жатады. Олар жиналу пішініне қарай жарғақтар және қонымдар, қабыршақтар, жұғындар, арна, тұтікше сияқты түрлерде кездеседі.

Биологиялық жолмен пайда болған жаңа жарандылар қатарына топырақ құрттарының қалдырыған қуыс іздері, жауын құрттарының бойынан өткен қалдық түйіршіктер – капролиттер, топырактағы жануарлардың қазған індері, іздері, шіріген ірі тамырлар және өте ұсақ тамырлар – дендриттер жатады.

Тегі	Түрі	Мөлшері	Сипаттамасы
Тоң кесекті	1-тип. Куб тә ірі тоң кесек	різді >10 см	пішіні дұрыс емесе, беті тегіс
	ұсақ тоң кесек ірі кесекті	1-10 см 3-10мм	дұрыс емес дөғал пішінді, опырылған, беті бұдырлы, қырлары байқалмайды
Жаңғақ тәрізді	кесекті	1-3 мм	
	ұсақ кесекті шаң тәрізді	0,25-1мм <0,25мм	
Дәнді	ірі жаңғақты жаңғақты	>10мм 7-10мм	дұрыс пішінді, қырлары жаксы білінеді, беті тегіс
	ұсақ жаңғақты ірі түйіршікті	5-7 мм 3-5мм	пішіні сәл дұрыс, кейде домаланған, қырлары жаксы білінеді, беті бірде бұдырлы,
Бағана тәрізді	түйіршікті	1-3мм	бірде тегіс, жылтыр бөлшектер нашар
	ұсақ түйіршікті	1-0,5мм	пішінделген, қырлары түзу емес, қабырғалары дамымаған
2-тип. Призма		тәрізді	
Бағана тәрізді	ірі баға тәріздес	5см	
	бағана тәріздес	>3-5см	түзу емес, қабырғалары
ұсақ бағана тәріздес		3-5см <3см	

4.4. Топырак пішінің күрілымдарының типтері, олардың топырак-экологиялық байланысы

Егіншілік тәжірибесінде профессор В. В. Квасников ұсынған топырак түйіршіктегін өлшемдері бойынша жіктеу көптен бері қолданылынып келеді. Бұл жіктеу бойынша, 5 см үлкен түйірлерді тоң кесектер деп 1-5 см – ірі түйіршіктер, 0,25-10 мм – кіші түйіршіктер және 0,25 мм үсак түйіршіктер – тозаң немесе микро-агрегаттар (микрокүрілым) деп аталады. Ірі және кіші түйіршіктер макрокүрілымға жатады.

2.6. Топырақтың морфологиялық қасиеттері, олардың түзілуінің экологиялық жағдайлармен байланысы

Топыраққа морфологиялық сипаттама бергенде алдымен оның механикалық құрамын анықтайды. Ол үшін топырақты үгітіп суға илеп, иіріп сақина сияқты дөңгелек жасайды. Иірілу деңгейі топырақтың ішіндегі бөлшектердің құрамына байланысты.

Топырақтың кеуектілігі. Топырақтың бос кеуектері топырақта көп орын алады. Кеуектердің көлемі түрлі топырақтарда ғана емес, тіпті бір түрдегі топырақтың өзінде түрліше болады. Ірі қыстардың тесігі бірнеше сантиметр болуы мүмкін, уақ кеуектердің тесігі мм-дің жүзден, мыңнан бір бөліміндей не онан да тар болады.

Топырақтағы кірмелер. Топырақта оның түзілу процесіне қатысы жоқ бөтен заттар кездесуі мүмкін. Тас, кірпіш, т.б. Бұлар топырақтағы кірмелер болып есептелінеді.

Топырақтағы қосылыстар. Кейбір топырақтардың пішінінде әртүрлі жаңа қосылыстарды байқауға болады.



→ paxmet



